



«Отандастар Қоры»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының  
Жалпы жиналышының  
«21» 09 2018 жылғы  
шешімімен  
**БЕКІТІЛГЕН**  
(№2 хаттама)

**«ОТАНДАСТАР ҚОРЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

Астана, 2018 жыл

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Отандастар Қоры» (әрі қарай – Қор) коммерциялық емес акционерлік қоғамының осы жарғысы Қордың атауын, орналасқан жерін, қалыптасу реті мен оның органдарының күзіретін, қайта ұйымдастырылуы мен қызметінің тоқтатылу шарттарын және Қазақстан Республикасы заңнамасына қарсы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

2. Қоғамның атауы:

1) мемлекеттік тілдегі толық атауы – «Отандастар Қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, қыскартылған атауы – «Отандастар Қоры» КЕАҚ;

2) орыс тіліндегі толық атауы – некоммерческое акционерное общество «Фонд Отандастар», қыскартылған атауы – НАО «Фонд Отандастар»;

3) ағылшын тіліндегі толық атауы – non-profit join stock company «Fund Otandastar», қыскартылған атауы – «Fund Otandastar» NJSC.

3. Қоғамның (және атқарушы органының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1 үй, 701 кабинет.

4. Қоғамның корпоративті сайты – \_\_\_\_\_.

## 2. ҚОРДЫҢ ЗАНДЫ МӘРТЕБЕСІ

5. Қоғам Үкіметтің 2017 жылғы 13 қазанындағы №644 «Отандастар Қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамын мемлекеттің жуз пайыз қатысуымен оның жарғылық капиталында қуру туралы» қаулысына сәйкес құрылған.

6. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Мемлекеттік меншік және жекешелендіру Комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен анықталған мемлекеттік органдарымен қол қойылған қабылдау-тапсырудың тиісті актілері негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысымен анықталған мемлекеттік органдар орындайды (әрі қарай - Акционерлер).

7. Қоғам акционерлері саналатындар: Қазақстан Республикасы Сыртқы істер Министрлігі және Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму Министрлігі.

8. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес пайда табуды мақсат тұтпайтын коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

9. Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасы Ата Заңын, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, сонымен бірге Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, Қоғамның ішкі құжаттарын, органдардың және Қоғамның лауазым иелерінің бекітілген тәртіпте өз құзыреті аясында жасаған шешімдерін басшылықта алады.

Реттеу тәртібі осы Жарғымен, органдар мен Қоғамның лауазым иелері шешімдерімен анықталмаған сұрақтар Қоғамның лауазым иелері мен органдардың құзыretі аясында Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіpte шешілуге тиісті.

10. Қоғамның мөрі, банк есептері, өзіндік балансы бар.

11. Қоғам үлгісі Атқарушы органмен бекітілетін және заңнамалық тәртіpte тіркелетін өзіндік символика мен өзге де белгілерге, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңға сәйкес тілдердегі мөртабанға, фирмалық бланктерге және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да реквизиттерге ие бола алады.

12. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап, заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

13. Қоғам өз мүлкі аясындағы өзіндік міндеттемелерге жауапты.

14. Қоғам Акционерлер міндеттемелері бойынша жауапты емес. Акционерлер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайдарды санамағанда, оларға тиесілі акциялар құнының аясында, Қоғам қызметімен байланысты зияндардың тәуекелін шегеді.

### **3. ҚОҒАМ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИНІҢ ТҮРЛЕРИ**

15. Қоғам қызметінің мақсаты шетелдік және Қазақстан Республикасына оралған этникалық қазақтарды қолдау болып табылады.

16. Қоғам міндеттері:

1) шетелдерде тұратын отандастардың және Қазақстан Республикасына оралған этникалық қазақтардың бейімделуі мен кірігуі тұрғысында қызмет көрсету;

2) байланысты қолдау және орнату, отандастарға консультативтік-құқықтық, ақпараттық-талдамалы қолдау көрсету үшін отандастардың қоғамдық ұйымдарымен, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен ақпарат алмасу.

17. Қоғам қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) отандастар бірлестіктерінің, қазақстандық және шетелдік құқық қорғау, үкіметтік емес және өзге де қоғамдық ұйымдар өкілдерінің, ресми тұлғалардың, қоғам кайраткерлерінің қатысуымен қатысуымен құрылтайлар, конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, брифингтер, кенестер, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастыру;

2) ерікті негізде жеке және заңды тұлғалармен, халықаралық және шетелдік ұйымдармен ұсынылған мемлекеттік емес қаржыға отандастардың білім гранттарын иеленуі мен жобаларын іске асыруына жәрдемдесу;

3) Қоғамның құзыret саласындағы зерттеу және ғылыми жұмыстарын өткізуіне қолдау көрсету;

4) алыс-жақын шетелдерде білім шараларын өткізуге қолдау көрсету;

5) шетелдерегі қазақ мектептерін әдебиетпен, оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен және заңнамалық тұрғыда тыйым салынбаған өзге де әдебиетпен қамтамасыз ету;

6) шетелдерде тұратын отандастарды қазақ ұлттық мәдени орталықтарының жұмысын ұйымдастыру тұрғысынан, қазақ ұлттық мәдени орталықтарын заңмен тыйым салынбаған қажетті оқу құралдары мен өзге де әдебиетпен қамтамасыз ету;

7) қазақ тілін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын менгеруге жәрдемдесу, сонымен қатар алыс-жақын шетелдерде мәдени және өзге де шаралардың өткізілуіне қолдау көрсету;

8) Қоғам сыйлықтары мен марапаттарын құру және беру, отандастарға арналған қайырымдылық шараларын ұйымдастыру, отандастардың меценаттық ниеттерін қолдау;

9) қазақстандық және шетелдік бұкаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттестік, сонымен бірге Қазақстан Республикасына келген этникалық қазақтарды қолдау, бейімделуі мен кірігуіне жәрдемдесу;

10) Қоғам қызметін жүргізуге арналған мұлікті иелену;

11) Қоғам мұлқін пайдалану жөніндегі есептерді жыл сайын интернет ресурстарына және (немесе) Қазақстан Республикасы аймағында таралатын мерзімдік басылымдарда жариялау;

12) Қоғам қызметі аясында жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу және бекіту;

13) мемлекеттік және сырттан тартылған гранттардың, сонымен қатар қайырымдылық және/немесе басқа да көмек есебінен Қоғам құзыреті саласындағы ғылыми және зерттеу жұмыстарын әзірлеу әрі бекіту;

14) Қоғам мақсаттарына жауап беретін жобаларды қолдау және әзірлеу үшін халықтық қаржыландыру (краудфандинг) тарту.

#### **4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

##### **18. Қоғам құқылы:**

1) мұліктік және жеке мұліктік емес құқықтарды иелену және жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен қарастырылған тәртіpte филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;

3) заңды тұлғалар болып саналмайтын және олар туралы Ереже негізінде Қоғам атынан және бүйрығымен әрекет ететін, Қоғамның өзі жайғасқан орыннан тыс жерлерде филиалдар (өкілдіктерін) құруға;

4) Жарғыда қарастырылған мақсаттарды іске асыруға қаржы құралдарын пайдалануға;

5) сотта талапкер және жауапкер болуға;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасына қарсы келмейтін және жарғылық мақсатқа сәйкес өзге қызметті жүзеге асыруға;

##### **19. Қоғам міндетті:**

- 1) Қазақстан Республикасы Заңнамасын сақтауға;
  - 2) заңнамамен бекітілген тәртіппен өз міндеттері бойынша жауап беруге;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болуға;
20. Қоғам құқылы емес:
- 1) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға немесе құрылтайшы болуға;
  - 2) артықшылық берілген акциялардың, туынды және айырбасталымды құнды қағаздардың шығарылымын жүзеге асыруға;
  - 3) Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылмаған басқа қызметпен айналысуға.

## **5. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ**

21. Қоғам акциялары мемлекеттің ерекше мүлкі саналады және оны иеліктен шығаруға болмайды.
22. Қоғам қаржы тарту мақсатында қарапайым акциялар ғана шығаруға құқылы. Қоғам табысы, өз кезегінде, Қоғамның дамуына бағытталатын қызметті жүзеге асыруға пайдаланылады.
23. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.
24. Қарапайым акция Акционерлердің қарастыруына салынған барлық сұрақ бойынша шешім шығаруға құқық береді.
25. Қоғам қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді.

## **6. ҚОРДЫҢ ОРГАНДАРЫ**

26. Қордың Органдары саналатындар:

  - 1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналышы;
  - 2) басқарушы орган – Директорлар кеңесі;
  - 3) консультативтік-кеңестік орган – Қамқоршылық кеңес;
  - 4) атқарушы орган – Президент;
  - 5) Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін іске асыруши орган – ішкі аудит қызметі/ішкі аудитор.

27. Қоғамды басқару үрдісіндегі қарым-қатынастар, оның ішінде Акционерлер мен Қоғам органдары арасындағы, Қоғам органдары, Қоғам және қызығушылық танытқан тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қоғамның корпоративтік басқару Кодексі және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен реттеледі.

## 7. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ

28. Қазақстан Республикасы заңдарына және/немесе осы Жарғыға сай Акционерлер құзыретіне қатысты сұраптар бойынша шешімдер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік меншік және жекешелендіру Комитетінің келісімімен шешілетін сұраптарды санамағанда, Акционерлердің жалпы жиналысында немесе осындай шешімдерді қабылдауға құқылы қызметтік тұлғалармен қабылданып, жазбаша турде рәсімделеді.

29. Акционерлер талқысына салынатын мәселелерге қатысты материалдар, осы мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдауға қажетті көлемдегі ақпараттан құралуы тиіс.

30. Директорлар кеңесі құрамына сайлау мәселелеріне қатысты материалдар ұсынылған кандидаттар жөнінде келесі ақпараттан тұруы керек:

1) тегі, аты, қалауы бойынша – әкесінің аты;

2) білімі туралы мағлұмат;

3) істеген жұмыс орындары және соңғы 3 (үш) жылда атқарған қызметі туралы мағлұмат;

4) кандидаттардың біліктілігін растайтын басқа да ақпарат.

31. Директорлар кеңесінің сайлауы (Директорлар кеңесі жаңа мүшесінің сайлауы) туралы мәселелені Акционерлердің талқысына салған жағдайда, Директорлар кеңесі мүшелігі құрамына ұсынылып отырган кандидаттың Акционерлердің өкілі екендігі/еместігі және/немесе Қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне кандидат екендігі/еместігі материалдарда көрсетілуі тиіс.

32. Атқарушы орган Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдері көшірмелерін сақтауды қамтамасыз етуі керек.

33. Акционерлері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңдарында және/немесе Қоғам Жарғысында қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Акционерлермен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

3) Қоғам тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан құнды қағаздарға меншіктік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

4) Жүзеге асырылуына қатысты ерек шарттар қойылған мәмілелер жасау туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде Қоғамның қызметтік тұлғалары иеленген табысты (кірісті) Қоғамға қайтару талабымен, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74 баптарында және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 43 бабында қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге;

5) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерге сот тәртібіне сәйкес наразы болуға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалын жолдауға және сауалда белгіленген мерзім ішінде, бірақ Қоғамға сауалдың түскен мерзімінен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

7) Директорлар кеңесін шакыруды талап етуге;

8) өз есебінен аудиторлық ұйымнан Қоғам аудитін өткізуі талап етуге;

9) Қоғам таратылған жағдайдағы мүлікке;

10) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Акционерлердің талқысына түсетін сұрақтар тізіміне қосымша сұрақтардың енгізілуін Директорлар кеңесіне ұсыну;

11) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімін болдырмауға;

12) Қоғам және/немесе Акционерлердің заңды мұдделері мен құқықтары бұзылған жағдайда, Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Қоғам Жарғысы талаптарын бұзу арқылы қабылданған шешіміне сотта наразы болуға;

Осы тармақта қарастырылған Акционерлер құқығы осымен шектелмейді. Акционерлер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

34. Қоғам акционерлері міндettі:

1) акцияларды төлеуге;

2) Қор тіркеушісі мен Акционерлердің мәліметтеріне тиесілі акциялардың атаулы иелерін Қор акциялары иелерінің тізілім жүйесін жүргізуге қажетті мағлұматтардың өзгеруі туралы он күннің ішінде хабар беруге;

3) Қызметтік, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалған өзге де құпия саналатын Қор немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де міндettерді орындауға.

35. Қоғам және Қоғам тіркеушісі осы Жарғының 34-ші тармағы 2-ші тармақшасымен белгіленген Акционерлер талаптарының орындалмағандығы салдарына жауапты емес.

36. Акционерлердің ерекше құзыретіне келесі сұрақтар кіреді:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) корпоративтік басқару Кодексінің бекітілуі, сонымен катар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) жарияланған акциялар санының ұлғаюы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау мен өкілеттігін мерзіміне дейін тоқтату, сонымен бірге Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндettерін атқарғаны үшін шығындар өтемақысы төлемінің шарттарын анықтау;

6) Директорлар кеңесі туралы Ережені бекіту;

7) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

- 8) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 9) есептік қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын үlestіру тәртібін бекіту;
- 10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жалпы сомасы жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғалардың қызметін құруына қатысу туралы шешімді қабылдау;
- 11) Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 12) Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Қоғамның акцияларды өтеуін төлеп алуы барысында олардың құнын анықтау әдісін бекіту және оған өзгеріс енгізу;
- 13) Қазақстан Республикасы заңнамасы және ішкі құжаттама арқылы Акционерлердің ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да сұрақтар бойынша шешімдерді қабылдау;
- 14) Осы Жарғының 33-ші тармағы 11-ші тармақшасында, 36-шы тармағы 1-, 2-, 3-ші тармақшаларында белгіленген сұрақтар, сонымен қатар Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдерді жоюға қатысты шешімдерді мемлекеттік мүлік бойынша құзыретті органмен келісе отырып, Акционерлер қабылдайды.

## **8. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

38. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасы заңнамасы және осы Жарғы арқылы Акционерлер құзыретіне жатқызылған сұрақтарды санамағанда, Қоғам қызметінің жалпы басқаруын жүзеге асыратын Қоғамның басқару органды.

39. Акционерлердің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде Директорлар кеңесі мүшелері функцияларын аткарудың қатысты шығындары өтеледі. Өтемақы төлемінің тәртібі Акционерлер шешімімен бекітіледі.

40. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасы заңнамасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару Кодексіне, Директорлар кеңесі туралы Ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

41. Директорлар кеңесі құзыретіне келесі сұрақтар кіреді:
- 1) Қоғам қызметі дамуының басым бағыттарын анықтау;
  - 2) акцияларды орналастыру (жүзеге асыру), соның ішінде жарияланған акциялар саны аясындағы орналастырылып жатқан (жүзеге асырылып жатқан) акциялар саны, оларды орналастыру (жүзеге асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 3) Қоғамның даму жоспарын бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- 4) Корпоративтік басқару Кодексін алдын ала мақұлдау, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 5) Директор кеңесі комитеттерінің сандық құрамын құру және анықтау, комитеттердің өкілеттік мерзімін анықтау, комитеттердің Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 6) Директорлар кеңесі мүшелері функцияларын атқаруына байланысты шығындар бойынша Директорлар кеңесі мүшелеріне арналған өтемақы төлемі тәртібі бойынша Акционерлерге ұсыныстар дайындау;
- 7) Қоғамның қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 8) Атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және ол туралы ережені бекіту, Атқарушы орган басшысынан басқа мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзіміне дейін тоқтату;
- 9) Атқарушы орган басшысы мен Атқарушы орган мүшелерінің қызметтік жалақылары мөлшерін, еңбек төлемі мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 10) Ішкі аудит қызметі/ішкі аудитор сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау және Ішкі аудит қызметі/ішкі аудитор туралы Ережені бекіту, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзіміне дейін тоқтату, Ішкі аудит қызметі/ішкі аудитор жұмыс тәртібін, еңбек төлемі мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын анықтау.
- 11) корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін белгілеу және ол туралы Ережені бекіту, оның өкілеттігін мерзіміне дейін тоқтату, сонымен өтап корпоративтік хатшының қызметтік жалақысы мөлшері мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 12) Қоғам өкілдіктері мен филиалдарын құру және жабу туралы шешімдер қабылдауғ сонымен қатар олар туралы ережені бекіту, соның ішінде өзгерілдер мен толықтыруларды енгізу;
- 13) Атқарушы орган филиалдары және/немесе өкілдіктері мен оның қызметкерлерінің ұйымдастыруышылық құрылымы, қызметтік жалақылары, штаттық санын бекіту;
- 14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатымен Атқарушы орган қабылдайтын Директорлар кеңесі туралы Ереже мен құжаттарды санамағанда);
- 15) Қоғам қызметі дамуының басым бағыттарын жүзеге асырудагы жеткен жетістіктері туралы есептерді, Қоғамның даму жоспарын қарастыру;
- 16) қаржылық есеп аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметі, сонымен қатар, Қоғам акциялары төлеміне өткен немесе ірі мәміле нысаны болған муліктің нарықтық құны бойынша бағалаушы төлемінің мөлшерін анықтау;
- 17) қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалған өзге құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 18) Акционерлер талқысына салатын сұрақтарды алдын ала мақұлдау;

19) Қазақстан Республикасы және осы Жарғыда қарастырылған Акционерлердің ерекше құзыretіне жатпайтын басқа да сұрақтар.

42. Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Атқарушы органнын құзыretіне жататын сұрақтар бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлер шешіміне қарсы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жок.

43. Осы Жарғының 41-ші тармағымен белгіленген сұрақтар тізімі бойынша шешім шығару құқығы Атқарушы органға берілмейді.

44. Директорлар кеңесі мүшелері Директорлар кеңесі құзыretі аясында құқылы:

1) Директорлар кеңесі отырысын өткізуді талап етуге;

2) Директорлар кеңесі отырысы бойынша хаттамаға күн тәртібі сұрақтары мен қабылданып жатқан шешімдерге қатысты өзіндік ойын енгізуі талап етуге;

3) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына, Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қарастырылып жатқан сұрақтарды талқылауға қатысуға;

4) бекітілген тәртіп бойынша Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне сұрақтар енгізуге;

5) Қоғам қызметі туралы, соның ішінде конфиденциалды және/немесе коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты алуға, Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

6) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын рәсімдеу бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

7) Директорлар кеңесін жазбаша ескерту арқылы өз өкілеттігін мерзіміне дейін тоқтатуға;

8) Мемлекеттік қызметкер болып саналатын Директорлар кеңесі мүшелерін санамағанда, Директорлар кеңесі мүшесі міндетін атқаруына байланысты шығындарын (шығыс) өтеу жөнінде құқыққа ие болуға;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасында, осы Жарғыда Корпоративтік басқару Кодексінде және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында қарастырылған өзге әрекеттерді жүзеге асыруға.

45. Директорлар кеңесі мүшелері міндетті:

1) Акционерлер мен жалпы Қоғам мүддесі аясында Қазақстан Республикасы заңнамасындағы, осы Жарғыдағы, Корпоративтік басқару Кодексіндегі және Директорлар кеңесі туралы Ережедегі талаптарды, адамгершілік ұстанымдары мен іскерлік этика ережелерін сақтай отырып, адал, саналы және әділ әрекет ету;

2) басқасы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленбеген жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесі міндетін атқаруға байланысты белгілі болған Қоғам туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде Қоғамдағы жұмысы тоқтаған сәттен кейінгі 3 (үш) жыл ішінде сақтау;

3) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам жағдайының мониторингін жүргізу және Қоғамның қызметтік тұлғалары мен басқа органдарымен үздіксіз байланысты сактау;

4) өздері мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы мен отырыстарына қатысу;

5) Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмауы туралы себебін алдын ала айтып, хабарлау;

6) өзінің басқа акционерлік қоғамға сайлану немесе басқа ұйымға жұмысқа тұру мүмкіндігін Директорлар кеңесімен ақылдасу;

7) нәтижесінде Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болуы тоқтатылатын жағдаяттардың өзгеруі туралы Директорлар кеңесіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлау.

## **9. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН САЙЛАУ**

46. Директорлар кеңесі Акционерлермен сайланатын Төрағадан және мүшелерден тұрады.

47. Директорлар кеңесі мүшелері келесілердің арасынан сайланады:

1) Директорлар кеңесі сайлауына Акционерлер өкілдері ретінде ұсынылған тұлғалар;

2) Қоғам акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесі сайлауына Акционерлер өкілдері ретінде ұсынылмаған жеке тұлғалар;

48. Директорлар кеңесі мүшесі Қоғам Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды өзге тұлғаларға беруге құқығы жок.

49. Атқарушы органды Директорлар кеңесі Төрағасы сайлай алмайды.

50. Директорлар кеңесі мүшесі бола алмайтын тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіпке сай етілмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар болса;

2) Директорлар кеңесі Төрағасы, Директорлар кеңесі мүшесі, Атқарушы органның бірінші жетекшісі, Атқарушы органның бірінші жетекшісі орынбасары, алқалы Атқарушы органның мүшесі немесе бас бухгалтер және басқа да заңды тұлғаның бір күнтізбелік жыл ішінде атқарған қызметі мәжбүрлі тарату немесе акциялардың мәжбүрлі түрде өтеуін төлеп алынуы, немесе белгіленген тәртіпке сай банкрот деп танылған мұндай заңды тұлғаның консервациясы туралы шешім қабылдауға алып келген жағдайда. Мұндай тұлға Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпке сай мәжбүрлі тарату немесе акциялардың мәжбүрлі түрде өтеуін төлеп алынуы, немесе белгіленген тәртіпке сай банкрот деп танылған мұндай заңды тұлғаның консервациясы туралы шешім қабықбылданған мерзімнен кейінгі бес жыл ішінде Директорлар кеңесі мүшесі қызметіне атқаруға құқығы жоқ.

51. Директорлар кеңесіне кандидаттар мен Директорлар кеңесінің қатынасушы мүшелерінің Қоғам мен Акционерлер мұдделеріне сай бүкіл Директорлар кеңесінің нәтижелі жұмысы мен оның міндеттерін орындауға

қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, позитивті жетістіктері, іскерлік және салалық салаларда мінсіз беделі болуы керек.

52. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс, құрамындағы тәуелсіз директорлар саны 30 (отыз) пайыздан кем болмауы тиіс. Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесі мүшесі келесі жағдайларда тәуелсіз деп танылады:

1) бұл акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып саналмайды және оның директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл ішінде саналмаған (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметін атқаруына байланысты жағдайды санамағанда);

2) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып саналмаған;

3) Қоғамның қызметтік тұлғаларымен бағыныштылық негізінде байланысы жоқ және Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі 3 (үш) жыл ішінде де байланыспаған;

4) Қоғамның аудиторы емес және Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі 3 (үш) жыл ішінде де болмаған;

5) Қоғам аудитына аудиторлық ұйым құрамында қызмет ететін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі 3 (үш) жыл ішінде де мұндай аудитте қатыспаған;

6) мемлекеттік қызметкер емес.

53. Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы Акционерлер шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері арасында кімнің тәуелсіз директор болып саналатындығы көрсетілуі тиіс.

## 10. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРИНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ

54. Директорлар кеңесі мүшелері 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге сайланады. Директорлар кеңесі мүшесі қызметін 6 (алты) жыл қатарынан астам уақыт (екі үш жылдық мерзім) атқаратындықтан, Директорлар кеңесіне сайланатын кез келген адам Директорлар кеңесі құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі түрғысынан ерекше тексеріледі. Бір адам Директорлар кеңесіне 9 (тоғыз) жылдан артық уақытқа (үш жылдық мерзімнің үшеуі) сайлана алмайды. Айрықша жағдайларда кеңесіне 9 (тоғыз) жылдан артық уақытқа сайлануға рұқсат беріледі, бірақ бұл ретте мұндай тұлғаның Директорлар кеңесіне сайлануы жыл сайын өтуі керек.

55. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің шешімімен анықталады. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің жаңа Директорлар кеңесі сайлауын өткізуен шешімінің қабылдау сәтіне дейін аяқталады. Акционерлер Директорлар кеңесінің барлық немесе бөлек мүшелерінің өкілеттік мерзіміне дейін тоқтатуға құқылы.

56. Директорлар кеңесі мүшесі өкілеттігінің мерзіміне дейін тоқтатылуы Директорлар кеңесінің аталмыш ескертуді алған сәтінен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесі өкілеттігінің мерзіміне дейінгі тоқтатылуы жағдайында Акционерлер сайлаған Директорлар кеңесінің жаңа мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен бірдей аяқталады.

## **11. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫ**

57. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын немесе ашық дауыс беру арқылы сайланады.

58. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, отырыстарда осы Жарғыда белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуі ұйымдастырады.

59. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

60. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылық етуге жауапты болады, жауапкершілік саласының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді, акционерлермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

3) Директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес қызметтік жалақы мөлшерін, еңбек жағдайларын және әлеуметтік қолдауды белгілей отырып, Қоғам атынан атқарушы органмен еңбек шартын жасайды;

4) корпоративтік хатшымен бірлесіп, белгіленген ретпен күн тәртібін дайындауды ұйымдастырады. Оны, өз кезегінде, Директорлар кеңесі отырыста бекітеді;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

6) Директорлар Кеңесінің өз функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың тұрақтылығы мен жиілігін бақылайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

## **12. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРУ**

61. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Атқарушы органның бастамасы не талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесімен;

2) Ішкі аудит қызметі/Ішкі аудитормен;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен;

4) акционерлермен.

62. Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап оған ұсынылатын күн тәртібі мен белгіленген тәртіппен келісілген тиісті материалдары бар жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынады.

63. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан негізсіз немесе өзге де себептермен бас тартқан жағдайда, бастамашы аталмыш талаппен Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндettі Атқарушы органға жүгінуге құқылы.

64. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Атқарушы орган Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

65. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібі Директорлар кеңесі туралы Ережемен айқындалады.

66. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын беріледі.

67. Директорлар кеңесі мүшесі өзінің Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтындығын алдын ала хабарлауға міндettі.

68. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арнаулы Кворум Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және Директорлар кеңесінің келмеген мүшелерінің жазбаша түрде берген дауыстары (аралас дауыс беру) есебімен айқындала алады.

69. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Акционерлердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндettі. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені акционерлердің қарауына шығару туралы шешімді қабылдауға ғана құқылы.

70. Директорлар кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырыска қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

72. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі талқысына салынған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

73. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға құқылы тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына жазбаша түрде ұсынылады және дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді тұжырымдалған мәселелерді қамтиды.

74. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесінің күн тәртібі өзгертілмейді және/немесе толықтырылмайды.

Директорлар кеңесі сырттай отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

75. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетенъдерді хаттамаға қосу арқылы рәсімделеді. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының хаттамасына Директорлар кеңесі Төрағасы және корпоративтік хатшы қол қояды.

76. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі отырыс хаттамасына қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірмей осы шешім шығарылған бюллетенъдердің көшірмелерімен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

77. Директорлар кеңесінің көзбе-көз өткізілген отырысында қабылданған шешімі хаттамамен рәсімделеді, оны Корпоративтік хатшы жасайды және Директорлар кеңесінің мүшелері отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды. Хаттамада келесі нәрселер көрсетіледі:

1) Қоғам Атқарушы органдының толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;

3) отырыска қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібінің әр мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беруі нәтижесін көрсете отырып, сол бойынша шығарылған дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің атаулы дауыс беру нәтижелері;

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

78. Ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі отырысының екі түрі де үйлесуі мүмкін. Бұл бір немесе бірнеше Директордың (30% - дан артық емес) Директорлар кеңесі отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі жоқ жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің келмеген мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша түрде ұсынуы тиіс.

79. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, корпоративтік хатшыда сақталады және олар қабылданған сәттен бастап 2 (екі) жыл өткеннен кейін белгіленген тәртіппен Қоғамның мұрагатына беріледі.

80. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Занында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен қарсы шығуға құқылы.

### 13. ҚОҒАМНЫҢ ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ

81. Қамқоршылық кеңес – қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар енгізетін, сондай-ақ осы Жарғымен бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган.

82. Қамқоршылық кеңес мүшелері некемен және жақын туыстықпен байланысқан тұлғалар бола алмайды, сондай-ақ олар қоғамның штаттық қызметкерлері бола алмайды.

83. Қамқоршылық кеңестің құрамы Акционерлердің жалпы жиналышының шешімімен құрылады.

84. Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне кіретіндер:

1) Қоғамның даму жоспарына ұсыныстар енгізу;

2) алдағы жылға арналған бюджетті қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) Қоғам қызметінің басым бағыттарына және осы Жарғыда бекітілген мақсаттар бойынша ұсыныстар енгізу;

4) заңнамаға сәйкес өзге де шешімдер қабылдау.

85. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз міндеттерін өтеусіз негізде орындайды. Қамқоршылық кеңестің жұмысына қатысуға тікелей байланысты құжатпен расталған шығындардың өтемақысын қоспағанда, Қамқоршылық кеңесі мүшелеріне қандай да бір сыйақы төлемін жасауға Қоғамның құқығы жок.

86. Сонымен қатар, Қамқоршылық кеңес:

1) жыл қорытындысы бойынша Қоғамның қызметі туралы ақпарат алады;

2) Қоғамға қаржы құралдарын тарту және оларды жарғылық мақсаттарды жүзеге асыруға бағыттау мақсатында Қоғамның қызметі туралы ақпаратты таратуға жәрдемдеседі және қатысады.

87. Өз функцияларын іске асыру үшін Қамқоршылық кеңес құқылы:

1) Қоғамның жарғылық қызметіне байланысты барлық ішкі құжаттармен (соның ішінде бухгалтерлік) танысуға;

2) Қоғамның басқару органдары құзыретінің қалай бөлінгеніне қарамастан, Қоғам қызметіне байланысты кез келген мәселені қарастыруға.

88. Қамқоршылық кеңес жылына кемінде 2 рет жиналады.

89. Қамқоршылық кеңес отырысын өткізуге арналған Кворум дауыс беруге қатысатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

90. Қамқоршылық кеңестің шешімі отырысқа қатысып отырған мүшелердің санынан қарапайым көпшілік дауыс арқылы қабылданады.

91. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қамқоршылық кеңестің бір мүшесінің басқа мүшесіне не үшінші тұлғаларға өз дауысын табыстауына тыйым салынады.

92. Дауыс саны тең болған жағдайда Қамқоршылық кеңес Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

93. Егер Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің отырысына қатыса алмаған жағдайда, ол күн тәртібі бойынша жазбаша пікір жіберу арқылы дауыс беруге құқылы.

94. Қамқоршылық кеңестің шешімдері Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасымен немесе Қамқоршылық кеңестің сырттай отырысының шешімімен рәсімделеді және оған Қамқоршылық кеңестің Төрағасы мен хатшысы қол қояды.

95. Қамқоршылық кеңестің шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

96. Сырттай дауыс беру Қамқоршылық кеңес Төрағасының, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің немесе Атқарушы органның бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы ұсыныс Қамқоршылық кеңес Төрағасына жазбаша түрде жасалады және онда дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді тұжырымдалған мәселелер болуы тиіс.

97. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетенъдер мен дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша материалдар Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелеріне сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей таратылады.

98. Бюллетенде келесі нәрселер қамтылуы тиіс: дауыс беруге арналған бюллетенъдерді ұсыну үшін нақты күн; дауыс беруге қойылған нақты және бір мәнді тұжырымдалған мәселелер; "Жактаушы", "Қарсы", "Қалыс қалу" деген сөздермен белгіленген дауыс беру нұсқалары, сондай-ақ Қамқоршылық кеңес туралы Ережеге сәйкес өзге де ақпарат.

99. Сырттай дауыс беру арқылы жасалған шешім бюллетенъдерде белгіленген мерзімде алынған кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады. Бюллетень түпнұсқада, электрондық және/немесе факс түрінде ұсынылуы және қабылдануы мүмкін. Белгіленген мерзімде ұсынылмаған бюллетенъдер дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

100. Қамқоршылық кеңестің Төрағасы өз өкілеттігін Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне беруге құқылы.

101. Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес хатшылығының жұмысын ұйымдастырады және Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### **14. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРИ**

102. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;

- 3) Ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік сұраптар;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

103. Осы тармақта тізбектелген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

104. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білім бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына 102-ші тармақтың 1-ші, 4-ші тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

105. Атқарушы орган Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы бола алмайды.

106. Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, оларды сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын құжаттармен реттеледі.

## **15. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ**

107. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты жеке-дара атқарушы орган – Қоғам Президенті жүзеге асырады.

Атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

108. Атқарушы орган Акционерлердің және Директорлар кеңесінің шешімін орындайды.

109. Атқарушы органның құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның тиісті даму жоспарын және қызметінің басым бағыттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді және Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді;

2) Корпоративтік басқару Кодексін әзірлеуді, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуінде қамтамасыз етеді;

3) жыл сайын белгіленген мерзімде Директорлар кеңесіне Қоғамның бес жылға арналған даму жоспарын ұсынады: бұл ретте бірінші Жоспарлы кезең таратылып жазылған түрде, ал қалған жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөліне отырып ұсынады.

4) Директорлар кеңесіне Қоғамның даму жоспарын және оның басым бағыттарын іске асыру туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

5) Акционерлерге Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат береді;

6) белгіленген тәртіппен корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асырады;

- 7) Қоғамның қызметін үйымдастыру мақсатында әзірленген Қоғамның ішкі күжаттарын бекітеді;
- 8) Директорлар Кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің қызметтік жалакыларын, үйымдастырушылық құрылымы мен штаттық санын ескере отырып, штат кестесін бекітеді;
- 9) Қоғам қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелей және тәртіптік жаза шараларын қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің қызметтік жалақыларының мөлшерін белгілейді, Қоғамның басшылық құрамына кіретін қызметкерлерді, Қоғамның ішкі аудит қызметін және Корпоративтік хатшыны қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне қосымша ақылар мен сыйлықақылардың мөлшерін айқындайды;
- 10) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығынтарын өтеу тәртібі мен шарттарын айқындайды;
- 11) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Қоғамның басшы құрамының бір қызметкеріне сенімхат бойынша жүктейді;
- 12) Қоғамды дамыту шеңберінде Қоғамның нақтыланған бюджетін бекітеді (нақтыланған бюджет болған жағдайда);
- 13) Қоғамның даму жоспарының іске асырылуын үйымдастырады, сондай-ақ оның орындалуына жауапты болады;
- 14) Қоғамның есеп саясатын бекітеді;
- 15) Қоғамның қаржылық жағдайының жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады;
- 16) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 17) Қоғамның үшінші тұлғалармен қатынастарында Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 18) әрбір тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит қызметінің/ішкі аудитордың аудиторлық есебін талдайды және Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау жөнінде ұсыныстар береді;
- 19) Қоғам туралы ақпараттың сақталуын және ішкі (жария емес) ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді;
- 20) мәселелерді алдын ала қарайды және Директорлар кеңесінің және Акционерлердің талқысына салуды қамтамасыз етеді;
- 21) Директорлар кеңесін Қоғам бюджеті шеңберінде өз функцияларын толыққанды орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;
- 22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

## 16. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТИ/ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТОРЫ

110. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, сондай-ақ Қоғам қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыру үшін Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Ішкі аудит қызметі бекітіледі.

111. Ішкі аудит қызметі/Ішкі аудитор Қоғамның органы болып табылады.

112. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері/Ішкі аудитор Директорлар кеңесі мен Қамқоршылық кеңестің құрамына сайланана алмайды.

113. Ішкі аудит қызметі / Ішкі аудитор Директорлар кеңесіне есеп беруге міндettі және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметінің/Ішкі аудитордың міндettтері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы Ережемен айқындалады.

114. Ішкі аудит қызметі/Ішкі аудитор қызметкерлеріне еңбекакы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшерін Директорлар кеңесі бекітеді.

115. Басқа ұйымдарда Ішкі аудит қызметі/Ішкі аудитор қызметкерінің жұмысын орындауға және қызметін атқаруға Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі.

116. Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері/Ішкі аудитор арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Атқарушы орган мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері/Ішкі аудитор арасында жасалатын еңбек шартымен реттеледі.

## 17. ҚОҒАМНЫҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫ

117. Корпоративтік хатшы – Директорлар кеңесінің және Қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкери. Ол Директорлар кеңесімен сайланады және оған есеп беруге міндettі.

118. Корпоративтік хатшыға Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының Акционерлердің құқықтары мен мұдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқару саласындағы Қазақстан Республикасы зандарының ережелері мен нормаларын, сонымен қатар осы Жарғының ережелерін және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету жүктеледі.

119. Корпоративтік хатшы, сондай-ақ, Қоғамның органдары арасында басқарудың барлық мәселелері бойынша тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырыстарының дайындалуына және өткізілуіне, Директорлар кеңесі отырысына материалдар даярлануына және оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді.

120. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және анық ақпаратты уақытын алудың қамтамасыз етеді.

## 19. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІГІ

127. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңнамасына, Директорлар кеңесі бекітетін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сай жүзеге асырылады.

128. Қоғам бухгалтерлік есепте және есептілікті жасау кезінде пайдаланылатын құжаттардың есебін және сақталуын қамтамасыз етуге міндettі. Сақталуы керекті негізгі құжаттардың тізбесі және оларды сактау мерзімдері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

129. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндettі.

130. Атқарушы орган белгіленген тәртіппен жыл сайын Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін Акционерлерге ұсынады.

131. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Директорлар кеңесі Акционерлердің карауына шығаратын күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей міндettі түрде бекітуі тиіс.

132. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті Акционерлер бекіткеннен кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

## 20. ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ

133. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ оның жұмыстарының ағымдағы жағдайын тексеру және растау үшін Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

134. Қоғамның жыл сайынғы аудиті қаржылық жылдың қорытындысы бойынша ол аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Акционерлердің шешімдерінде белгіленген тәртіп пен мерзімге сай жүргізіледі.

135. Қоғамның аудиті Директорлар Кеңесінің, Атқарушы органның бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Қоғам Акционерлерінің талап етуі бойынша олардың есебінен жүргізуі мүмкін, бұл ретте Акционерлер аудиторлық үйімді дербес айқындауға құқылы. Акционерлердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, қоғам аудиторлық үйім сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға тиісті.

136. Егер Атқарушы орган Қоғамның аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат күралдарында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және пайда мен зиян туралы есепті белгіленген мерзімде жариялауға міндettі. Қоғам жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті жариялауы тиіс.

## **21. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРATTЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**

137. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

138. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып саналмайды. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өздерінің үлестес тұлғалары туралы үлестес мәліметтер пайда болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қоғамға тапсыруға міндettі.

139. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін уәкілетті органға өзі белгілеген тәртіппен ұсынуға міндettі.

## **22. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРATTЫ ЖАРИЯ ЕТУІ**

140. Қоғам жазбаша сұратуы бойынша өзінің Акционерлеріне Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Акционерлердің мүдделерін қозғайтын кез келген ақпаратты жеткізеді. Акционерлердің өтініші журналда немесе қоғамның кіріс/шығыс күжаттарын есепке алудың тиісті жүйесінде тіркелуі тиіс.

141. Қоғам акционерлерінің мүдделерін және оның тізбесін қозғайтын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 79-бабына және Қоғамның ішкі күжаттарына сәйкес анықталады.

Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы ақпарат Акционерлерге корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шакыруын) Қоғам алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

142. Қоғамның ақпаратты жария етуі оны Қоғамның веб-сайтында (оның ішінде республикалық баспа басылымдарын пайдалана отырып) және Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік» туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы

ақпарат, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі және аудиторлық есептер, сондай-ақ үәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сай жыл қорытындылары бойынша Аткарушы орган сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат орналастырылады.

143. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратка ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін жүргізуіді камтамасыз етеді. Акционерлердің Жарғының осы бабында көрсетілген ақпаратты немесе құжаттардың көшірмелерін беру туралы сұратымы бойынша Қоғам сұратымды алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей белгіленген тәртіппен сұратылған ақпаратты жібереді.

144. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарын Қоғам аткарушы органның орналасқан жері бойынша оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сактауға тиіс.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабының 1-тармағында көрсетілген Қоғам құжаттары сақталуға тиісті.

Озге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сакталады.

### **23. ҚОҒАМ МҰЛКІ. ҚОҒАМ МҰЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ**

145. Қоғам мұлкі келесілердің есебінен қалыптасады:

- 1) Акционерлермен Қоғам акциялары төлеміне өткен мұліктер;
- 2) ерікті мұліктік жарналар мен қайырымдылықтар;
- 3) заңнамамен белгіленген жағдайлардағы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жүзеге асырудан түсетін пайдалар (кіріс);
- 4) дивидендтер (акциялар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын кірістер, сыйақылар (мүдделік);
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған негізdemeler бойынша сатып алғанған өзге мұлік;
- 6) заңмен тыйым салынбаған басқа кірістер.

146. Қоғамның жарғылық капиталының ұлғаюы жарияланған Қоғам акцияларының орналастырылуы арқылы іске асады.

Қоғамның негізгі қызметінің қаржыландыру көздері: жобаларды, қызметтерді, тауарларды және жұмыстарды жүзеге асырудан түсетін пайда, сонымен қатар қайырымдылық пен меценаттық есебінен.

147. Қоғамның таза пайдасы (салықтар мен бюджетке салынатын өзге міндеттік төлемдері жасалғаннан кейін) Қоғам иелігінде қалады және Акционерлер шешімімен анықталған тәртіpte Қоғам дамуына пайдаланылады.

## 24. ҚОҒАМНЫҢ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ТАРАТЫЛУЫ

148. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімімен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен карастырылған басқа негізdemелерге сәйкес қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

149. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Қоғамның мүлкі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша республикалық меншікке тапсырылады.

Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Қоғамның каржысы, Қоғам мүлкін іске асыру нәтижесінде алынған құралдарын да санағанда, республикалық бюджет пайдасы есебіне жазылады.

150. Қоғамның қайта ұйымдастырылуы мен таратылу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.


## 25. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

151. Осы Жарғыда реттелмеген жағдайлардың барлығында Қоғам өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылықка алады.

152. Қоғам Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізууді талап ететін Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгертулер және/немесе толықтырулар орын алған жағдайда Жарғыға тиісті өзгерістер және/немесе толықтыруларды енгізгенге дейін заңнама нормалары басшылықка алынады.

153. Осы Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес оның мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Президент



Н. Әбіқаев